

Отқа төзімді материалдар өнеркәсібін дамыту бағдарламасын жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрі орынбасарының өкімі 25 қазан 1992 ж. N 44-33ө

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті мақұлдаған Қазақстан Республикасының Отқа төзімді материалдар өнеркәсібін дамыту бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында:

1. "Оттөзім" корпорациясы мен Торғай боксит кеніші басқармасының салынып жатқан қабырғалық керамикалық материалдар зауытының базасында Арқалық қаласында акционерлік негізде отқа төзімді материалдар өндірісін ұйымдастыру туралы "Құрылыс материалдары" концерні және Торғай облысының әкімі қолдаған бастамасы мақұлданды.

"Оттөзім" корпорациясы Арқалық қаласында отқа төзімді материалдар шығару жөніндегі бас тапсырыс беруші болып анықталсын.

"Құрылыс материалдары" концерні Арқалық қаласында салынып жатқан қабырғалық керамикалық материалдар зауытының аяқталмаған құрылысын, материалдық ресурстарын және басқа көрсеткіштерін белгіленген тәртіппен, 1992 жылғы I қарашадағы жағдай бойынша "Оттөзім" корпорациясына берсін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті Арқалық қаласында салынып жатқан қабырғалық керамикалық материалдар зауытын Қазақстан өнеркәсібінің базалық салаларының мұқтажы үшін отқа төзімді материалдар мен бұйымдар шығаруға қайта бағыттауға арнап инвестиция қорынан 1993 жылға жеңілдікті кредит бөлу туралы мәселе қарайтын болсын.

3. Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі мен "Оттөзім" корпорациясы Арқалық қаласындағы зауытты қайта бағыттау және оның құрылысын аяқтау үшін шетел кредиттерін тарту мәселесін пысықтасын.

4. "Оттөзім" корпорациясы "Қазақстан құрылыс" концернімен бірлесіп 1992 жылғы I желтоқсанға дейін Арқалық қаласындағы отқа төзімді материалдар өндіру жөніндегі зауытты қайта бағыттау және оның құрылысын аяқтау жұмысын жүзеге асыру үшін мердігер ұйымды анықтасын.

Премьер-министрдің
орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК